


ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ **4** (63)
30 сәуір 2015 жыл

SWWS

**Павлодар
жастарының газеті**



ШЕБЕР САЯСАТКЕР - ТӘУЕКЕЛ ХАН

Қойшығара Салғараұлы өзінің «Қазақтар» атты кітабында былай деген: «Тәуекелдің саясаткерлігі, көршісінің көңіл-күйін күні бұрын аңғаратыны, соған қарай қарсы әрекет жасап, қауіптің алдын орауға ұмтылатыны».


2 бет

**ЕШКІМ ДЕ
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ,
ЕШНӘРСЕ ДЕ
ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС**



3-бет

**Ж. Аймауытов
атындағы қазақ
музыкалық драма
театрының жас
әртісі Еркежан
Төлеубек:
ӘЛИЯ, МӘНШҮК
СЫНДЫ ҚАҺАРМАН
ҚЫЗДАРДЫҢ РӨЛІН
СОМДАҒЫМ КЕЛЕДІ**



4-бет

**ҚОЗЫ КӨРПЕШ ПЕН
БАЯН СҰЛУ КҮНІН
ТОЙЛАЙСЫЗ БА?**



5-бет

**ҚЫЗҒАЛДАҚ:
Жанынан жылу,
жүрегінен жыр
төгілген**



7-бет

ШЕБЕР САЯСАТКЕР – ТӘУЕКЕЛ ХАН

Қойшығара Салғараұлы өзінің «Қазақтар» атты кітабында былай деген: «Тәуекелдің саясаткерлігі, көршісінің көңіл күйін күні бұрын аңғаратыны, соған қарай қарсы әрекет жасап, қауіптің алдын орауға ұмтылатыны».

Хандар жайлы тізбек өз ретімен келе жатыр. Қазақ тарихындағы әрбір ханның өзінің орны мен ерекшелігі бар. Бүгінгі айтатынымыз қазақ үшін аянбай еңбек еткен Тәуекел хан жайлы болмақ. Ел үшін де, жер үшін де еңбегінің орасан зор екенін осы мақаладан білетін боларсыздар.

ХАНДЫҚ ТҰҒЫРЫ

«Шығай Хақназар хан қайтыс болғаннан кейін, Қазақ хандығының ханы ретінде ресми түрде аталғанымен, іс жүзінде хандық та, билік те оның үлкен баласы Тәуекел сұлтанның қолында болғанға ұқсайды. Шығыс авторларының көне шығармаларында осы кезеңдегі шешуші қимыл, нәтижелі істің басында үнемі Тәуекел сұлтанның жүруі осының дәлелі деген пікірлер бар. Нақты жылы көрсетілмеген соң, болжамның түрлі болатыны да заңды. Оған талас та жоқ. Дегенмен осы арада бір нәрсенің басын ашып алсам деп өдім. «Тәуекелдің Шығай өлгеннен кейін хан болғаны анық», десек, онда, меніңше, тарихта Тәуекелді «хан» деп көрсету 1597 тауық жылынан басталуға тиіс сияқты. Өйткені Тәуекелді хан деп мойындау Искандар Муншидің «Тарих-и Әлемара-и Аббаси» атты еңбегіндегі «Хан атағын иеленіп кеткен қазақ сұлтаны Тәуекел» деген дерегінен кейін ғана орнықты ғой», – дейді Қойшығара Салғараұлы өзінің зерттеу еңбегінде.

САЯСАТТЫҢ МАЙДАНЫНДА

Тарихшы М. Әбусейітова аталған кітабының бір тарауын «Тәуекел 1594 жылы өзін Мәскеу мемлекетінің бажағы (боданы) етіп қабылдауды өтініп Федор патшаға елшілікпен Құлмұхамедті жіберді» деген сөйлеммен бастайды. Қазақ хандығы тарихының елеулі бір кезеңінің бастау тұсындағы жағдайды талдау арқылы ой қорытар тараудағы ғалымның өзге тұжырымдарына тоқталмай-ақ, осы жалғыз сөйлемнің өзі де тарихшылар ұстанған бағыттың қандай екенін айтып тұрған секілді. Ол бағыт қазақты қалайда орысқа жақындатып, оның ел болуын, жұрт болуын ұлы орыс халқының арқасы етіп көрсету, соны қазақтардың ерте сезінгенін, есі бар азаматтарының бәрі ертеден орыстың қол астына кіруге «құлшынып» тұрғанын таныту. Сонау XVI ғасырдың перзенті қазақ ханы Тәуекелді арнайы елшісін жіберіп, Федор патшаға «қолтығыңа ала гөр» деп өтініп тілентуі осының анық айғағы. Демек, Тәуекелдің елшілігінің мақсаты тіпті басқа. Ресейдің сыртқы саясаты мұрағаты қорынан алынған Тәуекел ханға қатысты материалдарын алып, орыс патшасының қол астына алуын өтінген бір ауыз сөз, не болмаса, соны аңғартар бір емеурін бар ма екен. Жоқ, таба алмайсыз.

МАҚСАТТЫ КӨТЕРІЛІС

Тәуекел Сыр өңірінің қалалары үшін күресті бастап, 1586 жылы Ташкентті алуға әрекет жасайды. Абдаллах ханның әскерлері оңтүстікте шоғырланғанын біліп, Тәуекел Мауараннахрдың солтүстік аймақтарына шабуылдайды. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент, тіпті Самарқанд сияқты қалаларды талқандады, Тәуекел шайқасқа түспей, асығыс шегініп кетті. Сөйтіп, Тәуекелдің Ташкентті алуға жасаған алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталды. Ташкент өңірінде болған көтеріліс сол кездегі қазақ халқы тарихындағы маңызды оқиғалар қатарына жатады. Ол жөнінде Хафиз Тыныштың «Шарафнаме – ий шахи» және Мукимидің «Зафарнаме» деген еңбектерінде қызықты мәліметтер мен оқиғалар келтірілген. Ташкент көтерілісін зерттеушілер осы кезге дейін назар аудармай келді, ал ол Орта Азия – Қазақстан аймағындағы тарихтың дамуына едәуір дәрежеде ықпал еткен. Мақсатты түрде табанды жүргізілген жұмыс қашанда өз жемісін бермек. Арада жыл жарымнан аса уақыт өткенде Тәуекел де мақсатты ісінің нәтижесін көрді. Дәлірек айтқанда, 1588 жылы Ташкент төңірегі мен Ходжент және Шахрухия қалаларының тұрғындарының Абдолланың немере інісі Рүстем ұлы Өзбек сұлтанға қарсы көтерілісі бұрқ ете қалды.



ҮЗІЛГЕН ЖОРЫҚ

Өзінің алға қойған мақсатын біртіндеп жүзеге асырып келе жатқан Тәуекел ханның ажал уақыты да жақындай түседі. 1598 жылы Орта Азияға жорық жасайды. Сырдария бойындағы қалаларды қайтарып алу үшін бар күшін жұмсап, жеңуге тырысады. Осындай жан беріп, жан алып жатқан айқастың аласапыран бір тұсында Тәуекел ханға оқ тиіп, ауыр жараланады. Қапысын тауып қадап атқан жау мергені қазақ ханына қан жұттырды. «Батырдың ажалы батырдан» дегендей, мергеннің ажалы мергеннен болды. Тәуекелдің ауыр жараланып, аттан құлауы қазақ қолының шабуылын тоқтатуына мәжбүр етті. Сөйтіп, ай бойы айқасып, не жеңе алмай, не жеңілмей, қазақ әскері Ташкентке оралды. Осында келгеннен кейін жарасы ушыққан Тәуекел хан көп ұзамай қайтыс болады. Талай жыл талмай күресіп, бүкіл

Мауаренахрді Қазақ хандығының құрамына енгізіп, хандығын қанарлы мемлекетке айналдыру жолында күш-қайрат, ақыл-айласын бірдей сарп еткен ұлы саясаткер арманына жете алмай осылайша көз жұмды.

Түйінсөз. Тәуекел хан негізгі мақсатына жетпегенмен, қазақ үшін көп іс тындырған ұлы хандардың бірі болды. Оның тұсында Қазақ хандығының еліне ел, жеріне жер қосылды. Тәуекел ханның шебер саясаткерлігі нәтижесінде бүкіл көршілеріне қазақтар өз ықпалын жүргізді. Бұрын қолдан шығып кеткен Түркістан, Ташкент, Ферғана қазақ хандығына қарады. Көріп отырғанымыздай саясаттың өбін тауып, тиімді жағын ұстап, бүтін бір халық үшін еңбегінің орасан зор екеніне басымызды иіп тұрып мойындаймыз.

Ақмарал ЕРМАНАТ

ҮШҚЫН

ЖАСТАР – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарында. Еліміз тәуелсіз ел, дербес мемлекет, XXI ғасыр талаптарына сенімді аттаған ел болып саналады. Қазақстанның алда болуына бізде көптеген белестер бар. Енді, ең басты міндет – Қазақстанның жастарын патриоттық сезімге баулу. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір жасты Отанын, елін, жерін, Ата заңын, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігі мен ерлігінде және мемлекетіміздің күш-қуатының беріктігі мен ұлан-байтақ жерінің біртұтастығында. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы адам бойына өздігінен қалыптаса қоймайды.

Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімінің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

«Өткен уақыт үнсіз мүлгиді, келер уақыт баяу жылжиды, ал бүгінгі күн құйындай ұйтқыды» деген қанатты сөз бар. Бұл үшін де парық-парасат, білім-білік, ерік-жігер керек емес пе? Ұрпағын сүйген баба ғана қасиетті. Отанның болашақ азаматына: «Тарихыңды зерделе, аға ұрпақтың саған деген аманаты – ерлік, тәрбие алар сәтінді бос жіберіп, қапы қалма», – деген. Тарихты зерделеу арқылы біз ұрпағымызға, Отанымыз бен халқымызға шексіз берілгендік, қаһармандық патриотизмнің шынайы сабақтарын аламыз.

Патриоттық сезім – ұлттық рух деңгейінің айнасы. Сол себептен Елбасы өзінің халыққа жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйспеншілігін дамытуды негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды. Президент стратегиясының түп қазығы, басты арқауы – адам тағдыры. Бүгінде өзгерген адам, келешек ұрпақ, олардың сапасы – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың назарында.

Ана тілі – әділет пен шындық тілі, күрес пен тартыс тілі, ізгілік пен инабаттылық тілі, досыңа жылы, қасыңа қаһарлы тіл, қажырлы қайрат тілі, жылы лебіздер тілі, тәңірін таныған тіл, періштелер мен пәк жандар тілі, еркіндік пен теңдіктің тілі, «бостандық» деп жар салған тіл және «тәуелсіздік» деп тебіренген тіл. Ана тілі – халқын тура жолдан тайдырмаған көсемдер тілі, елдің беріктігін сақтаған билер тілі. Яғни, қазақ мемлекетінің патриоты ана тілін жете меңгерген және қосымша тілдер білетін, өз бетімен шешім қабылдай алатындай көзқарасты қалыптастыратын жеке тұлға болмақ.

Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту «Береке бас – бірлікте», «Бірлікте болсаң – биікте

боласың», – деген халық. Ата-бабамыз Отанға деген пәк сезімнен, өршіл патриотизмнен әсер алған жандар. Бір сөзбен айтқанда, елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай отаншылдық сезімді ояту мүмкін емес. Сондықтан да өткен тарихты объективтік тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында, міне, осы ізгі мақсатты көздейді.

Өткенін білмеген халық қадірін білмейді. Халық қандай жайды бастан кешірді, бүгінгі заманға қалай қол жеткізді? Халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, қанын сарп етті, азап шекті, тар жол тайғақ кешуден өтті, жерін қорғап, елін сақтады – осының барлығын бүгінгі ұрпақ білуге, қастерлеуге тиіс.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық арманы. Отанымыздың көгінде көгілдір туымыздың мәңгілік желбіреуі – тәуелсіздігіміздің арқасы.

Тәуелсіздіктің туы өздігінен тігілген жоқ. Осы жолға жету үшін қанша тер төгілді? Тәуелсіз елдің еркін ұлты ретінде бойын түзеп, өзгелермен терезе теңестіру үшін, патриоттық, намысшылдық сезімдерін қалыптастыру керек.



Әр нәрсені өз атымен атай білетін деңгейге жеткен ұлт қана алыс ертеңдерге аптықпай жетеді.

Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Берік денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындатарлық болса, баланың тәрбие алып, шын адам болатындығы» деген қағидасы өміршең болып отыр. Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамның жоғары мұратты мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру – баршамыздың алдында тұрған міндетіміз.

Адам махаббаты қандай мәңгі болса, оның патриотизмі де сондай мәңгілік. Адамзат махаббатсыз, мұратсыз өмір сүре алмайды, оны теріске шығару еш нәтиже де, жеміс те бермейді Олай болса, қазақстандық патриотизмсіз біз де өнегелі ел бола алмаймыз. Сол үшін азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге де, болашаққа да керек.

Софья Ахметжанова,
№25 ЖОББМ 8 сынып оқушысы

ЕШКІМ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ, ЕШНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС

Адамзат тарихында болған зұлым да жойқын соғыс Кеңестік Одақ азаматтарының Жеңісімен аяқталды. Бұл Жеңіс үшін қаншама керекулік азаматтар майданда қанын, тылда терін төкті. Оларды Жеңіске жетелеген Отанға, Анаға, бауыр мен ағайынға деген жұдырықтай жүрегіндегі соққан лүпілі емес пе?!

...Аттан деді, ол ертең аттанады,
Аттанады еңбектің ақ табаны.
Күрегінің орнына қару алып,
Жауынгерлердің рөлін атқарады
Ол ертең аттанады...
М.Мақатаев

Қанаш Қамзин

Қанаш Қамзин 1919 жылдың 29 қарашасында қазіргі Ақсу қаласы Жолқудық ауылында (бұрын Каганович, кейін Ермак ауданы болып аталған) дүниеге есігін ашты.

1944 жылы сәуірдің 12-сінен 13-іне қараған түні Қанаш Қамзин бастаған үшінші атқыштар ротасы жаудың Днестрден өткел бермей тұрған ең берік бекінісі – «Биіктік – 65-ті» басып алды. Осы биіктікте жасаған ерлігі үшін Қанаш Қамзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1944 жылдың көктемі болатын. Бұл фашистік жау әскерін ығыстыра бастаған жауапты кезең болғаны тарихтан белгілі. Кеңес Одағы құрамындағы Молдавияны азат ету шайқасы 1944 жылы көктемде басталды. 2-нші Украин майданының әскерлері Румынияның Яссы қаласының маңайына жетеді. Ал 3-інші Украин майданының жауынгерлері Одесса қаласын фашистерден тазартқаннан кейін Днестр өзенінің сол жағалауына жақындайды. Бұл алапат ұрыс Яссы-Кишинев операциясы атауымен тарихқа жазылды. Операция неміс фашистерінің және онымен одақтас әскери топтарға ойсырата соққы беруді мақсат етті.

Бұл оңай қол жеткізетін мақсат емес-тұғын. Бұл уақытта Қанаш Қамзин 3-інші Украин майданы 52-нші атқыштар дивизиясының 429-ыншы атқыштар полкінің рота командирі еді. Әскери естеліктерден оның сол кезде-ақ өзінің ер жүректілігімен, жауынгерлерді шабуылға бастаудағы батыл әрекеттерімен назарға іліккенін оқуға болады.

Лейтенант Қанаш Қамзин осылайша қан майданда ерлік көрсетті.



Революция бесігі болып саналатын Ленинград қаласы үшін кескіленген ұрыстардың бірінде қатты жараланып, қасындағылар өлдіге санап, жертөле ішіне тастап кетеді. Есін жиса өлгендер ішінде жатса керек, соңғы күш-қайратын жиып, жертөледен шығып, осы маңда байланыс жасап жүрген жауынгерлерге тап болады. Осылайша ажал тырнағынан аман қалған Қайыргелді ата бейбіт заманның өскелең ұрпағына сұм соғыс жайындағы әңгімелерін айтып, мол тағылым қалдырды.

1943 жылдың мамырында майданнан екінші топтағы мүгедек деп танылып, елге қайтарылады. Жұбайы Күләш екеуі өмірге 2 ұл, 3 қыз әкеліп, көзінің тірісінде бәрін қанағаттандырып кетті. Өзі 1987 жылы, жұбайы 2008 жылы өмірден озды.

Әкімбек Әйтібәев

1919 жылы 1 қаңтарда дүниеге келді. Павлодар облысы, Кеңес колхозында қарапайым отбасында өскен. Кеңес бастауыш мектебін аяқтағаннан кейін Иса Байзақов атындағы совхоздың М.Горький орта мектебінде оқуын жалғастырды. Жеті жылдық біліммен бұл мектепті 1935 жылы тәмамдағаннан кейін аудандық оқу бөліміне мұғалім болып қызмет етеді. 1939 жылы аудандық әскери комиссариатқа шақырылып, 10 қазанда Кеңес әскері қатарына алынады. 1939 жылдың 29 қарашасынан 1940 жылдың наурызына дейін Фин соғысына қатысады. Бұл соғыста бірнеше рет жарақат алады.

Ал Ұлы Отан соғысы басталғанда қатардағы жауынгер ретінде 73-ші Батыс атқыштар полкінің 35-ші бригадасында болған. 1942 жылдың 3 наурызында Фрунзе қаласындағы 6 айлық командирлер дайындығынан өтіп, осы жылы 118-ші Батыс атқыштар полкінің атқыштар взводуна командирі, 1944 жылдың 4-сәуірінен Мәскеу әскери округінде 280 атқыштар ротасының командирі болады.

Ұлы Отан соғысы кезінде Әкімбек Әйтібәйұлы 3 рет қатты жараланады. Ерліктері үшін Варшаваны азат етуде Қызыл Жұлдыз орденімен, Берлинді азат етуде І-II-III дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен және 8 медальмен марапатталған. Жеңіс күнін аман-есен қарсы алып, 1946 жылы 2 сәуірде туған жеріне қайтып оралады. Октябрь орталау мектебінде 1946-1984 жылдарда оқушыларға білім беріп, білім саласына өзіндік үлесін қосты.

Әмин Әмірзақов

1917 жылы Павлодар облысы, Май ауданы, Аршалы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын не бәрі 13 жасында Лебяжі ауданына қарасты №23 партсъезд совхозында қатардағы жұмысшы ретінде бастайды. 1941-1942 жылдары Кеңес әскері қатарына шақырылғанға дейін өңірдегі мал бордақылау шаруашылығында есепші, кейін аудандық жинақ кассасының меңгеруші қызметін атқарады.

Әмин ата 1942 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, майданға жіберілді. Сталинград майданына қатысады. 1942-1943 жылдар аралығында неміс басқыншыларына қарсы соғысып, ауыр жарақаттанды. Денсаулығына байланысты елге оралуға мәжбүр болады.

Елге оралған соң жаңқиарлықпен еңбек етті. 1944 жылы Лебяжі аудандық ұйымына хатшы қызметіне қабылданды. 1950-1953 жылдары Галкин ауылында Халықтық кеңестің депутаты болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін асыл тұқымды қой шаруашылығы саласында еңбектенді. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін ІІ дәрежелі орденімен, Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әмин ата 1999 жылдың 9 мамырда дүниеден озды.

Дайындаған Ұлжан ТӨЛЕУ



ТАҒЫМ

ЕРЛІК – ЕЛДІҢ ҚАСИЕТІ, ЖҮРЕКТІЛІК – ЖІГІТТІҢ ҚАСИЕТІ

Соғыс – адамзат баласына келген нәубетке, амал жоқ, көппен бірге көрген қиындық ретінде қабылдап көну керек. Сол сұм соғыста даламыздың талай ержүрек ұлдары мен ерке қыздары атаның туын жықпаймыз деп, аңның намысы үшін туған жердің топырағын жауға тапсатпаймыз деп қолдарына қару алып соғыс майданына аттанды. Сол жалынды жастардың қатарында менің атам да болған еді.



Атамның артынан қалған жұрнағы ретінде Ұлы Отан соғысында жүріп өткен салмақ да, сындарлы жолын ой иелігімен өткізіп, қағаз бетіне түсіруге шешім қабылдадым. Атам – Ералын Нұрғали Ералыұлы 1922 жылдың 14 наурызында Баянауыл ауданына қарасты Шонай елді мекенінде орманшы Ералы ақсақалдың отбасында дүниеге келді.

1932 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1942 жылдың қаңтар айында 10 сыныпта оқып жүргенде Отан қорғауға әскер қатарына шақырылады. Ел басына ауыр күн туған кезеңде атам не бары 20 жастағы бозбала болатын. Жас кезінен қолына қару алып, жан түршігерлік қан майданда ұйқысыз түндерде жаумен талай арпалысып, жанталасқан жаудың үздіксіз шабуылына тойтарыс бере жүріп талай күндерін мұз жастанып, қар құрсағында өткізді. Өзінің ұйымдастырушылық қасиетімен, қан майдандағы ержүректілігімен жас та болса, атам № 887 атқыштар полкінде зеңбірекшілер бөлімшесінің командирі болды. Курск түбіндегі шайқаста да жан арпалыса шайқасып, Отан алдындағы ұлы борышын өтеді. Осындай үлкен шайқастардың бірінде ауыр жарақат алып, госпитальға түседі. Осыдан кейін аға сержант Ералыұлы Нұрғали еліне қайтады.


Аталарымыздың жанымен, қанымен, ерлігімен, еңіреп жүріп жаудың тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Осынау Жеңіс күніне жету үшін еліміз 1418 сұрапыл күн мен түнді басынан өткізді. Сұм соғыс аяқталғаннан кейін атамның жасаған ерен ерліктері мен жаугершілік қасиеттері үшін «Қызыл Ту» ордені берілді. 1946 жылы өмірлік жары – Рахым қызы Мапрузамен шаңырақ көтереді. Атам да соғыс кезінде Баянауыл ауданы, «Большевик» колхозында тылда аянбай еңбек еткен абзал жан еді. Екеуі де өмірінің соңына дейін халық игілігі үшін еңбек етіп, жастарға өмірдің қиындықтарына төзе білуге, адамгершілік пен ізгілікке, еңбекқорлық пен жауапкершілікке үйретуден еш жалықпайтын.

Абай атамыз айтпақшы: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп соғыстан кейінгі жылдары атам өз өмірін келешек ұрпаққа білім нәріні сусындауға, яғни ұстаздық жолына арнайды. Атамның алдынан талай білімді де, өнерлі ұрпақ қанат қақты. Атамды өз көзіммен көрмесем де, ол кісі жайлы анашымнан және көненің көзі – қарт аталар мен апалардан сұрап білдім. Сол адамдардың айтуынша, Нұрғали ата ауылдың ұстазы ғана емес, ақыл-кеңес беретін жолбасшысы да болыпты, тіпті келеңсіз істерге бой алдырып адасқандар осы кісіге келіп жүгінетін. «Тура биде туған жоқ» дегендей, ол парасаттылығымен талай дау-дамайдың түйінін шешіп, тура жолды көрсетіп, қара қылды қақ жаратын әділ төрелігін айтушы, ісі мен сөзі ұштасқан, өте парасатты, адамгершілігі мол, ержүрек, адал азамат болған деседі.

Қазақта «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деген бір тамаша сөз бар, атам мен апамның артынан қалған жан дегенде жалғыз ғана перзенті менің анам-Сәуле. Анам да әке жолын қуып, ұстаздық қызметін атқаруда. Анамның да алдынан көптеген шәкірттер қанат қағуда, өз ісін, яғни ұстаздық қызметін сүйетін және білімді игеруден және үйретуден жалықпайтын құрметті мұғалімдердің бірі.

Мен атамның жүріп өткен өнегелі тағдыры мен Отанды қорғаған, талай жанға хат танытқан өмірін мақтанышпен айтатын боламын. Әрқашанда батыр атам туралы естеліктерді есімде сақтаймын. Ел үшін үлкен қиындықпен, қанмен келген ұлы күннің қаһармандарының ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ешқашан ұмытылмайды және ұмытылмақ емес.

Айдана Абухасен, 3 курс студенті





ЕРКІН СҰХБАТ

Қымбатты оқырмандар! Сіздерге Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрының жас әртісі Еркежан Төлеубекпен өткен қызықты да мағыналы сұхбатымызды ұсынамыз.

Әлия, Мәншүк сынды қаһарман қыздардың ролін сомдағын келеді

Батыр, ақын қыздардың ролі жаныма жақын

– Осы күнге дейін қанша рөлдерді сомдап шықтыңыз, соның ішінде қандай рөліңіз жаныңызға жақын болды?

– Көп рөлдерді сомдадым деп айта алмаймын. Оқу бітіре салысымен осында Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрына келдім. Жаңа оқу бітіргеннен кейін тәжірибе жүзінде алдыңғы буын апайларымызды үлгі тұтып, рольді қалай ойнайды деп бақылап жүрдім. Бір жарым жыл жұмыс істеген соң, мен тұрмысқа шығып кеттім. Театрдан уақытша кетуім қажет болды. Міне, биыл театрға қайта оралдым. «Болмаған оқиға» спектакліндегі «Тоқтының» ролі кішентай ерке жануар болса да аңғал. Жануар болса да адам тілін түсінетін жүрегі адам сияқты елжірейді.

– Неліктен актер мамандығын таңдадыңыз?

– Қазір өкінемін деп айтуға келмес, алайда қыз бала үшін қиын мамандық екендігін түсіндім. Отбасылық өмірде біраз қиыншылықтар болады екен. Қазір Аллаға Шүкір сәбилі болдым, әйел болғаннан кейін үлгермей қалатын уақыттарда болады, сол уақыттарда ойлаймын, мүмкін басқа мамандық таңдағаным дұрыс болар ма еді. Осы мамандықты таңдағаннан кейін бұл кәсіптің ыстық-суығына төзу керек. Жұмысты отбасымен қатар алып жүру қиындығын мен тұрмысқа шыққан соң түсіндім.

– Сіз үшін қандай рольдерді ойнау қиынға соғады?

– Бізде спектакльде осы рольді алуға бола ма деп ұсыныс тастауға болады. Мысалы, «Жекпе-жек» деген спектакльде «Назере» роліне ұсыныс жасап, қазір соған дайындалу үстіндемін. Өте қиын, себебі бастан аяқ сахнада жүру керек және түрлі-түрлі переходтар. Қыздың басынан өтпеген қиыншылық жоқ. Оның тағдыр оспағына көнбей, мойымайтындығы ұнайды. Көрермендерге үлкен ой салатын роль. Осы рольді керемет алып шықсам мойныман үлкен ауыр жүк түседі. Қазір мен бұл рольге үлкен дайындықтамын. Алғаш келген кезде жеңіл рольдерден бастадым, «Тіл табысқандар» спектакльінде Дездемонаның ролін ойнадым.

– Қандай рольді сомдауды армандайсыз?

– Жалпы сахнада бастан аяқ рольді сомдасам деп армандағам, Аллаға шүкір ол да бола жатар. Болашақта нәзік қыздардың ролінен гөрі батыр, ержүрек Әлия, Мәншүк сияқты қаһарман қыздарды сомдағым келеді. Болмаса батыр қыз, ия болмаса ақын қыз деген сияқты рольдер жаныма жақын.

Актриса болуды армандадым

– Қай жердің тумасы боласыз? Отбасыңыз туралы, жеке өміріңіз жайлы айта кетсеңіз,

– Жеке өмірім жайлы айтқым келмейді, бір айтатыным тұрмыстамын. Баянауылдың қызымын, Моңғолияда туғанмын. Бір жасымда Қазақстанға көшіп, Баянауыл ауданындағы Бірлік ауылында өстім. Бірінші сыныптан тоғызыншы сыныпқа дейін ауыл мектебінде оқыдым. Он және он бірінші сыныпты дарынды балаларға арналған облыстық Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп гимназиясында оқыдым. Мектепте алғыр болдым. Мәнерлеп оқудан байқауларға жиі қатысатыным. «Мұқағали оқулары», «Абай оқуларына» қатыстып жүрдім. «Мұқағали оқуларынан» республикалық деңгейге дейін шықтым. 2008 жылы оқуды бітірген соң, Астанаға арман қуып актриса мамандығы бойынша білім алдым.

– Кішкентай бала кезіңізде кімге еліктеп өстіңіз?

– Сан түрлі мамандықтарға қызығатыным. Дәрігер болуға қатты қызығатыным. Кейін өсе келе теледидардан Әмина Әмірзақованың «Тақиялы періште» ойнаған образы, күлкісі мені еліктірді. Ол кісінің дауысы жаныма өте қатты әсер етті. Мен өзім де қатты сөйлеп, қатты күлетінім бар. Көбісі күлкімді Әмина анамызға ұқсата бастады. Қателеспесем, сегізінші сыныптан бастап мен актриса болуды арман еттім.

Театр - рухани орта

– Театр мен көрермендер арасындағы байланысты қалай бағалайсыз?

– Біз сахнада жүргендіктен әрине, залда көрермендер көп болғанын қалаймыз. Көптің ішінде айтар ойды қағып алатын сапалы көрерменіміз көп болса екен дейміз. Кейде залда елу көрермен жиналса да ұйып тыңдап отырып, қошеметін білдіріп жатса, өртіске бұдан асқан бақыт жоқ. Өртіс өз ролын жүз пайызға сомдайтын болса, келген көрермен содан әсер алатын болса, онда көрермен мен өртіс арасындағы байланыстың орындалғаны деп білемін. Біз театрды – рухани орта дейміз ғой. Егер көрермен театрдан рухани азық алып шығатын болса, онда ол сенің жемісің әрі сен өз ролыңді жақсы алып шыққаның белгісі.

– Алдағы он-жиырма жылдан кейін өзіңізді қалай елестетесіз?

– Арман көп, осы саланы таңдағаннан кейін көптің бірі болып, қатардағы актриса болып қалғым келмейді. Шынымен де он-жиырма жыл өтіп, Аллаһ ғұмыр беретін болса, еңбегімнің жемісін жегім келеді. Кім де болса мәдениет қайрат-

кері деген атаққа қол жеткізуге ұмтылады ғой. Мен де еңбегімнің ақталғанын қалар едім. Және ата-анамның үмітін ақтап, баламның мақтанышы болғым келеді. Мен ұлағатты, танымалмын деп айтпай-ақ қояйын, өз ісімнің шебері болғым келеді.

Поэзия мен прозаны түйістіріп тәтті дүние жасағым келеді

– Актер мамандығын игеремін деген жастарға қандай кеңес бересіз?

– Біз оқуға түскен кезде менің ұстазым Қазақстанның халық әртісі Тілектес Мейрамов: «Осы мамандықты не үшін таңдадың?» деп бізден сұрайтын. Ол кісі таңдаған сәттен бастап бұл мамандықтың қызығынан қарағанда қиындығы көп болады дейтін. Егер сол мамандықтың қызығына жетемін десең, қиындығына да көну керек. Әр бейнеттің түбі зейнет екенін түсінген жөн. Қыз бала үшін өртіс мамандығы өте қиынның қиыны.

– Сіз өзіңіздің көрермендеріңізге жақындай түсу үшін, қандай әлеуметтік желіде парақшаңыз бар?

– Instsgram-да, гармония сезім, Facebook-та Еркежан Төлеубек деп терсе мені табатын болады.

– Актерге кітап оқу қажет дүние, сіздің соңғы оқыған кітабыңыз?

– Өртістің ең басты қаруы – сөз. Сөзін жақсы болсын десең, кітапты көп оқу керек. Шығармашылық адамы театрдан тыс жеке өзіндік жұмыстар жасау керек. Мен өзімнің оқыған мектебіме барып, оқушылармен кездесіп, поэзия мен прозаны түйістіріп жсалған дүние ұсынғым келеді. Соған байланысты Фариза Оңғарсынова, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов және соңғы шыққан Айжан Төбарақ, Бауыржан Қарақызылы, Алмас Темірбайдың өлеңдерін байланыстырып өткен күннің поэзиясы мен бүгінгі күннің поэзиясын қабыстыра отырып, тәтті дүние шығарғым келеді.

– Көрермендеріңізге және «SMS+» жастар газетінің оқырмандарына айтар тілек-ниетіңіз?

– Жадырап көктем де келді. Көктемде адамдар бір-біріне мейірімін, шапағатын шашып, жадырап жүрсе екен. Өлемде ешқандай қатыгездік бомасын. Бейбітшілік күндерде жүздесе берейік. Театрда көрермендер көп болсын, біздің ойнаған әр рольден корермендер ләззат ала берсін деймін!

– Алтын уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге үлкен рахмет! Алар асуларыңыз, жетер жетістіктеріңіз көп болсын!

Сұхбаттасқан: Назгүл ОСПАНОВА

ЖЕЛКЕН

ЖАС БУЫН – ЕЛІМІЗДІҢ КЕЛЕР КҮНГІ КЕЛБЕТІ



XXI ғасыр біздерге, жас ұрпаққа, қандай міндеттер жүктейді? Өз еліміздің өркендеуі, қазіргі жеткен жетістіктерін әрі қарай дамыту үшін біздер не істеуіміз қажет? Бұл жайлы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деген болатын. Елбасының бұл сөзінен түсінгенім: XXI ғасырдың адамы – ол өз кәсібінің майталманы, дарынды, өнерлі, талантты адам болуы керек. Ал бойына осыншама қасиетті жинақтайтын адам – өз өміріне жауапкершілікпен қарайтын адам деп ойлаймын. Сондықтан мен әр ісіме жауапкершілікпен қарауға тырысамын. Менің қазіргі алға қойған мақсатым – білім алу, оқу озаты болып, алдағы уақытта армандаған мамандығымның майталманы болу.

Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан, – деп, Абай атамыз айтқандай, білімнің теңізінен өзіме керектіні алып, өмірдегі лайықты орнымды табу, өз ана тілімді, өзге тілдерді де меңгеріп, елін сүйген ұлан болып, елімнің өркендеуі, дамуы үшін өз үлесімді қоссам деймін. Мен өз елімнің гүлденуіне қосатын үлесім – білімді, білікті, бір мамандықтың иесі болу деп түсінемін. Мәселен, мен дәрігер болуды армандаймын. Отанымның медицинасын дамытып, елімнің азаматтарын емдеп, денсаулықтарын жақсартсам және мүгедек жандарға қалайда қол ұшымды берсем деймін.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің, Нендей күйге жүрегімді бөледің. Сенде тудым, сенде өстім,

сенде өлсем, Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім, – деп, Қасым ақын толғанған туған жеріміз – Қазақстан. «Отан отбасынан басталса», менің мектебім – Қазақстан деп аталатын Отанымның бір бөлшегі.

Мен Павлодар қаласының №39 орта мектебінде оқимын. Өз мектебімді мақтан тұтамын, себебі мұнда менің достарым, аяулы ұстаздарым бар. Мұнда болашаққа жол сілтеп, «егеменді елдің болашағынан үміт күттіретін балғындарысыңдар» деп тәрбиелейді біздерді.

Патриотизм – өзінің туған жері, ана тілі, еліне деген сүйспеншілік сезімі, Отанымыздың гүлденуі мен өсіп өркендеуі үшін өз үлесінді қосу, сол үшін қызмет ету. Қазіргі жас буын – еліміздің келер күнгі келбеті деп түсінемін.

Бақтияр Бектеміров,
№39 ЖОББМ 8 сынып оқушысы

МАХАББАТ ЖЫРЫ

Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу күнін тойлайсыз ба?



«Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» күні немесе «Ғашықтар күні» жыл сайын 14 ақпан күні әлем бойынша аталып өтетін қасиетті Валентин күніне қарсы қадам ретінде дүниеге келген. Қоғамда Валентин күні оның ұлттық менталитетке жат әрі моральдық жағынан жастарға кері әсер ететіні туралы жиі айтылды. Сол себепті, Ғашықтар мейрамының бастамашылары қазақтың өзінің төл махаббат мерекесін ұйымдастыруды жөн көрді.

Қос ғашықтың махаббаттарын ұғынып, осы екі жүрек иелерінің атына күн белгілеп, махаббатты дәріптеуді ұсынып,

бастама көтерген Дархан Мыңбай деген ел ағасы. Мереке халық арасында 1999 жылдан бері тойланып келеді. Кейін осы бастаманы ел арасына насихаттап, ресми тойлауға атсалысқан Серік Абас-шах мырза. Бүгінде бұл мереке төңірегінде қоғам екі қарама-қайшы пікірге топтасты. Бір-біріне деген адал сезімін өмірлерінің соңына дейін жүрегінде сақтап келген Қозы мен Баянның махаббат хикаясын көбі қос жүректің кіршіксіз сезімнің нышаны деп қабылдайды. Енді бірі ғасырлар белесінен бүгінге жеткен ғашықтар жырындағы екі ғашықтың махаббаты баян-

сыз болды, бұл оқиғаның жастарға берер тағылымы да аз дейді.

Дегенмен, бүгінгі жастар бұл мерекені бір-біріне деген ғашықтық сезімдерін жеткізу үшін асыға күтеді. Жылына бір рет келетін Ғашықтар күнінде сүйген адамын қуанту үшін он ойланып, мың толғанып жүргендер де бар-ау. Ғашық жүректерге

шуақ сыйлайтын мерейлі мерекеге арқау болған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күнін қазіргі жастар тойлай ма екен, ол жайында қандай пікірде екенін білу үшін студенттер арасында сауалнама жүргізілген едік. Біреулері қуана-қуана тойлауға келіссе, екіншілері өз қарсылықтарын білдіріп жатты.

Абзал Абдоллаев:

Бұл мереке біздің ата-бабаларымыздың кіршіксіз, пәк, адал махаббаттарының құрметіне арналған деп санаймын. Сондықтан, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күні деп атай отырып, тойлаған дұрыс деп есептеймін. Өзімізге жат басқа ұлттың мерекелерін тойлағанша, жүрегі қазақ деп соққан жастарымызды осы мерекені тойлауға шақырамын. Бізде осындай мереке бар екенін басқа ұлттар да білсін. Абай атамыз айтқандай: «Махаббатсыз дүние бос». Өзіміз жақсы көріп, сыйлайтын жандарға бұл күні өз сезімдерімізді білдірсек те артық болмас. Бұл күні арнайы бағдарламалар, ойын-сауық концерттер ұйымдастырылса, жақсы болар еді.



Ақерке Имашхан:

15 сәуірді «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» ғашықтар күнін тойлауды қолдаймын. Бұл мереке ата-бабамыздан қалған фольклорымыздың, асыл мұраларымыздың болашақ жастарға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына орасан мол пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Әдебиетіміздің кейіпкерлері тарихтан орын алғаны дұрыс қой. Бізге еш қатысы жоқ, басқа ұлттың күнін тойлап, бір-бірімізге ашық хаттар сыйлағанша, өзіміз білетін Қозы мен Баян күнін тойлау дұрыс сияқты. Соған орай көптеген іс-шаралар өткізілсе деп ойлаймын.



Сабырбек Мадина:

Жоқ, мен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күнін тойламаймын. Көп адамдардың ойынша, бұл күнді ғашық жанымен бірге, махаббатқа толы күн етіп өткеру керек. Меніңше, олай ойлайтын адамдар қателеседі. Біз әрбір күнімізді махаббатпен өткізіміз керек. Сүйікті жаныңды қуанту үшін жыл бойында бір ғана рет келетін күнді күту дұрыс болмас. Тәрбиелік мәні жоқ мереке деп ойлаймын. Біз, қазақ халқы мейрамдарға бай халықпыз. Ертеде ата-бабаларымыз осындай мерекелерді тойламаған. Жаңадан туылған мерекелерді тойлағанша, сан ғасырлық тарихы бар мерекелерімізді жаңғыртуымыз керек деп ойлаймын.



Еламан Ермағанбетұлы:

Мен жырмен өз ойымды білдірейін.

*Әрбір қазақ сезіммен от салатын,
Ғашықтардың күні деп аталатын.
Бар қазаққа барынша дәріптейік,
Қозы менен Баянның махаббатын.
Болмаса екен бұрынғы жаза қылық,
Валентин деп аталған мазақылық.
Қозы менен Баянның күні болсын,
Қарсы емеспін, бұл да бір – Қазақылық.*




Қаршыға Сайлаубай:

Бұл күннен басқа мерекелеріміз де жетеді деп ойлаймын. «Ғашықтар күні» деп бұл күнді тосуымыз керек пе сонда? 365 күннің бір күнін ғана сүйген адамына арнау керек пе? Әр күніміз де махаббатқа толы болу керек қой. «Ғашықтар күні» келсе, барлығы дүкендерден ойыншық, гүлдерін алып жүгіре кетеді. Басқа ұлттарда Ғашықтар күні бар екен деп, бізде күнтізбеге енгізуіміз жөн деп санамаймын. «Әулие Валентин» күні деп басында оны да тойладық, сол күннің жастар үшін берер ешқандай тәрбиелік мәні жоқ екенін көп ғалымдар да, қарапайым халық та жар салып айтты. Ал, енді ол мерекенің өзіміздің Ғашықтар күнінен қандай ерекшелігі бар. Олардың тек қана атауларында ғана айырмашылық бар. Басқа тойлау мақсаты бір. Жастардың бұл күні қанша қателік жасайтыны да белгілі нәрсе. Жастар үшін де, қоғам үшін де ешқандай алатын орны, маңызы жоқ. Қазақ деген халық басқалардан ерекше және жоғары болуы тиіс. Одан да болашағы бар ұлттық салт-дәстүрімізді санамызда сақтап, жоғалтып алу-дан сақтанайық, достар!



Мадина Маутқазиева:

Әрине тойлау керек. Тарихымызда махаббатқа адал болып, өмірінің соңына дейін бір-бірін сүйіп өткен ғашықтар аз болмаған. Бұл бір жағынан өткенді ұмытпауға септігін тигізсе, екіншіден, жастардың өз сезімдерін білдіруге себепші болады. Өзгелердің мерекесін тойлағанша, қазақша төл мерекемізді атап өту – ұлтымызға құрмет шығар. Болашақ қазақ жастары өз тарихымызды біліп, махаббатты қадірлей білуді үйренеді. Себебі махаббат деген – тұрақтылықтың, тұтастықтың, бірлік пен бейбітшіліктің негізгі тірегі. Сезім – ұлы құдірет. Ғашықтар өз сезімін білдіріп, жігіттер қауымы сүйгендеріне сөз салып қосылып жатса, демографиялық ахуалымыз жақсарар еді. Саналы халық пен саналы ұрпақ – шынайы махаббат жемісі. Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазақ халқы мен өзге елдің дәстүрін салыстырғанымыз жөн емес. Жастарды қоя тұра, орта буын өкілдерінің Валентинді тойлауы мәселені қиындатып тұрды осы уақытқа дейін. Баяндай ару қыз бен қайсарлық пен жігерді жанытын Қозыдай сері жігіттің арасындағы ұлы күш – махаббатты неге тойламасқа? Әрине, керек! Артымызда өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың бойына жат елдің қасиетін сіңіріп, санасын улағанша, өз халқымыздың асыл құндылықтарын дәріптетіп, ұлттық мерекелерімізді естен шығармауға тәрбиелеуіміз керек.



КІТАП СӨРЕСІ

Күлкі - өмір

Сауалнаманы жүргізген Ақмарал ЕРМАНАТ

Бүгінгі әңгіме қазақ жазушыларының сатиралық бағыттағы еңбектері төңірегінде болмақ.

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі болып табылады. Өзіміз өмірде естіп, көріп, қолданып жүрген анекдот болсын, памфлет, фельетон, пародия бұлар сатираның жанрларына жатады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу, тұспалдау, юмор, жеңіл әжуа, ащы мысқыл, кекесін сынды бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады. Қазақ сатирасы халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Алысқа бармай-ақ саралап көрелік. Кішкентай кезімізден әже-аталарымыздың аузынан бәрімізге белгілі Алдар Көсе, Қожанасыр сынды аңыз-әңгімелерді тыңдап өстік. Бұл күлдіргі әңгімелер ащы мысқылға, улы кекесін, сынап-мінеу, астарлы әзілге құрылған.

Қазақ ауыз әдебиетінде Қожанасыр мен Алдар Көседен басқа елге мәлім ұлы ақын жазушылар да сатира жанрынан айналып өтпеген. Абайды алып қаралық, қазақ сатирасын сапалық жағынан жаңа биікке көтерген

адам. Сатира жанрына тек Абай атамыз ғана үлесін қосып қойған жоқ, сонымен бірге Абайдың поэзиялық мектебін жалғастырушы дарынды шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсет, Уәйс және тағы басқалары сатира жанрының дамуына өзіндік үлестерін қосты.

Жақында С. Торайғыров атындағы ПМУ С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасының қазақ әдебиеті бөлімінде «Күллі әлемнің күлкісі» атты кітап көрме ұйымдастырылды. Көрмеде, шетелдік сатириктердің таңдамалы туындылары және қазақ әдебиетіндегі сатира жанрындағы кітаптар көрсетілді. «Күлкі – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім» демекші, күлдіре білу өнері – адамзатқа ортақ асыл қазына. Көрмеде Ә. Асқаровтың «Ағалардың әзілі», «Құрдастардың қалжыңы», Т. Құлиясовтың «Жалмауыз», Е. Шайхұлының «Мынауың жыңды екен», Қ. Қуанышбаевтың «Шаншарлар», Ғ. Қабылұлының «Изаця», «Күлеміз бе, қайтеміз...» сынды белгілі қазақ сатирасының майталмандарының шығармалары ұсынылды.

Сатираның міндеті тамаша әлем – жақсылық, ақиқат, сұлулық жайлы естеліктерді, ояту, тірілту. Оқырманға осы идеяны сездіре білу, өзінің өткір тілімен бағыттал-



ған құралды толығымен түсіндіру. Бүгінде баспасөз құралдарында «қазақ сатирасы дамымай жатыр, сатира жоқ, жаза алмайды» деген пікірлер жиі айтылып жүр. Бұған не дерсіздер? Шындығында қазақ сатирасының өз ауылы бар. Қазақ – қалжыңды сүйетін, әрлі әзілдерімен-ақ, ішек-сілеңді қатыратын от ауызды, орақ тілді екенін білеміз. Қазір сахнаның шаңын шығарып жүрген «Әзіл әлемі», «Шаншар», «Алдараспан» театрларында сахналанып жүрген дүниелердің барлығы бүгінгі сатираның айнасы. Олай болса, «қазақ сатирасы жоқ, өшті» деп қайғыра бермей, кітап сөрелерінде шаңға малынып тұрған сатиралық туындыларды оқып, жаңа заманауи дүниелерді дүниеге әкелуге шабыттанаық!

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың қазақ әдебиеті бөлімінен қазақ сатириктерінің тамаша еңбектерін таба аласыздар.

Бүгінгі жастардың беталысы мен саяси білім деңгейін анықтау мақсатында саяси ғылымдарының кандидаты, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті Ғани Елмұратовпен болған әңгімемізді ұсынамыз.



ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК

– Ғани Жұмабайұлы, қаншалықты қазіргі жастардың саяси білім деңгейі туралы сөз етсеңіз?

– Қолда бар деректерге қарап отырсақ, Қазақстан халқының басым бөлігі жастар дей аламыз. Ендеше, олар саясатта да шешуші рөл атқара алады. Себебі, жастар қоғамымыздың ең белсенді бөлігі. Сондықтан да мемлекет жастардың санасын қалыптастыруға, нақты бағыттағы саналы күш-жігер жұмсауы тиіс. Жастар – қоғамның ең басты стратегиялық ресурсы. Мемлекет тек қана құрылыс және өндірістік жобаларды қаржыландырып қана қоймай, адамның жан-жақты соның ішінде жастардың мәдени-рухани, әлеуметтік дамуына баса назар аудару қажет.

Жастарға айтар кеңесім, мүмкіндіктеріне қарай, қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан өздерін оқшау ұстамағаны абзал.

– Жастарды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында қандай заңдар қарастырылады?

– Жастық шақ – адам өмірінің ең қызықты да, қайрат-жігерге толы керемет кезеңі. Біздің елімізде ресми түрде адам өмірінің жастық шағы деп 14 пен 29 жас аралығындағы кезең саналады. Еліміздегі жүзеге асырылу үстіндегі жастар саясаты осы кезең аралығындағы жастарға қатыс-

ты қолданылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің еліміздің әлеуметтік мемлекет қатарында екендігі ерекше көрсетілген. Әлеуметтік мемлекет қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және т.б. теңсіздіктерді бәсеңдетуге бар күш-жігерін жұмсайды.

– Неліктен саясаттану мамандығын таңдадыңыз?

– Мектепте оқып жүргенде мені қоғамның саяси тарихы, саяси саламен байланысты тарихи құбылыстар мен оқиғалар қызықтыратын. Сол себепті саясаттанушы болуға бел будым.

– Саясаттанушы ретінде студенттерге қандай саяси қауіпсіздіктер туралы айтар едіңіз?

– Ең біріншісі, ол – саяси билік мәселесі. Қоғамның негізі билік болып табылады. Биліксіз қоғамдық қатынастарды жүзеге асыру мүмкін емес болар еді. Келесі – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Ұлттық және халықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі әр кезде де адам өмірінде кездесетін мәселе. Қауіпсіздік мәселелерін негізінен халықаралық құқықпен, үкіметтер арасындағы ұйымдар арқылы шешуге болады. Ұлттық тәуелсіздікті, территориялық біртұтастықты қорғау – әрбір мемлекеттің басты мақсаты. Сондықтан, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік ал-

ғаннан бері ұлттық қауіпсіздіктің жүйесін қамтамасыз етуде көп жұмыстар жүргізіп келеді.

Тағы да бір маңызды мәселе – модернизация немесе саяси бейімделу мәселесі. Модернизация тұрғысынан саяси даму билік пен қоғам арасындағы жаңа байланыстар типін қалыптастыру, халықтың көпшілік бөлігіне негізгі шешімдерді қабылдарда ықпал етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-саяси механизмдерді құру болып табылады. Міне менің ойымша, жастар қазіргі таңдағы саяси саланың маңызды бағыттары туралы ақпаратты білгені дұрыс. Өйткені саяси білімі жоқ адамды аяқтан шалып, өзінің еліне қарсы қоюға әрекеттендіру оңай болады. Ал жастар әдемі әңгімеге сенгіш келеді.

– Сіз көп жылдан бері транзиттік қоғамның саяси трансформациясы, кіші және орта кәсіптің саясаттанушылық оңалу мәселелерін зерттеп келесіз. Осы орайда елімізде және аймағымызда болып жатқан интеграциялық процесске қандай баға бересіз?

– Еуразиялық ықпалдастық – ең алдымен бұрынғы біртұтас мемлекет құрамында болып бір-бірімен саяси-экономикалық және әлеуметтік жағынан жақын тұрған халықтардағы сол тарихи сабақтастығы-

ның игі жақтарын үзіп алмай қайта жалғастыру, оны одан әрі дамыту идеясынан туған жоба.

Еуразиялық ықпалдастықты іске асыру жолында ең маңызды қадамның бірі – Кеден одағын құру. Ол экономикалық ықпалдастық процестерді жеделдетті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, кеден одағы мемлекеттері арасындағы бірлескен шекаралар біздің елдеріміздің азаматтарын кедергісіз кесіп өту үшін, жүктер мен тауарлар, валюта қаржыларын алып өту үшін мөлдір болды.

Экономикалық ықпалдастық кеден одағына мүше мемлекеттер энергетикасын, агроөнеркәсіп салаларын, бәсекелестікті дамыту және жалпы экономиканы өрістегуге серпін береді.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірі бойынша: «XXI ғасырда өңірлік интеграция түрлі жаһандық тәуекелдерге қарсы тұруда маңызды фактор болатыны айдан анық. Қазір, жалпыға ортақ жаһандану жағдайында, бұл – мемлекеттердің экономикалық және өркениетті дамуындағы, олардың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы түбегейлі мәселе».

– Сіздің мағыналы да танымды әңгімеңізден жастар қажетті ақпарат алды деген ойдамыз. Әңгімеңізге рахмет!

ЖЕЛКЕН

МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҚАЗАҚ ЕЛІ

Адамзат жер бетіне жаратылғалы бері бұл жұмыр жер үшін талас-тартыс бірге жаратылған-ды. Дөңгеленген дүниенің төрт бұрышында ғұмыр кешкен небір ірілі-ұсақты империялар мен патшалықтар, ұлттар мен ұлыстар қара жер үшін қантөгіс соғысқа барып, бірі жеңіп, бірі жеңіліп жатады. Солардың бірі тарих сахнасынан мүлдем жойылып, ұмыт болып қала берді. Бұған қарт тарих куә.

Кескілескен шайқастар мен зұлмат жылдар да қазақ басынан өтті. Сонау тарих қойнауынан бері келе жатқан Көк-

берінің ұрпақтары да сары бала, қара қазан қамы үшін атқа қонып, өркениетті елдер көшінен қалмаудың керектігін жасады. Мәңгілік азат ел болуды аңсады. «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлкі көрмедім, қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді, күшімді сарқа жұмсадым, тауға да шықтым құрсанып – бәрі мәңгі елім үшін», – дейді батыр бабамыз Тоныкөк. Кир патшаның басын алып, «Мәңгі елдің тыныштығын алғың келсе, мәңгі қанға тойып торсық-

та жат», – деген Тұмар патшайымның да әрекеті осы елдің қамы еді. Тарихымызға үңілсек, бабаларымыздың осындай өнегесін көптеп кездестіреміз.

Егеменді ел болғанымызға ұзақ уақыт болмаса да, арғы бабамыз сақ пен ғұннан, үйсін мен қаңлыдан тарата айтсақ, бәрі де Мәңгілік Елдің негізін қалады, шекарасын айқындады. Қазақ жерінің қай тұсын алып қарасақ та, бабаларымыздың мәңгілік болу мақсаты тайға таңба басқандай анық байқалады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел.

Асыл арманымызға қол жеткізген уақытта, енді оны әрмен қарай ұсымыздан шығарып алмау қамын жасауымыз қажет. «Сөзі жоғалған ел, өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, Мәңгілік Елдің кепілі – ана тілі екенін ұмытпаған жөн. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Мәңгілік Ел болудың тұғырнамасын жасады. Мәңгілік Ел

болу үшін, мәңгілік тіл болу керектігін анық біліп, «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес» деп ұран тастады. Міне, бұл – кескілескен шайқастар мен зұлмат жылдар да қазақ басынан өтті. Мәңгілік Ел болудың аксиомасы.

Елбасы бастаған істі халық болып қолдап, біз секілді ұрпақ жалғастыруы қажет. Бұл – ұлы міндет, азаматтық парызымыз деп білемін. Кешегі Мағжан сенген жастарға бүгінде Елбасы да сенім артып отыр. «Ағаш тамырымен, халық келер ұрпағымен мықты» дейді халқымыз. Сондықтан мәңгілік елдің болашағы үшін аянбай еңбек етіп, білім нәрімен сусындап, ана тіліміздің қанат жаюына атсалысуымыз қажет. Тіл мәңгілік, ұлт мәңгілік болса, ел де мәңгілік болмақ. Осыны қаперден шығармайық.

Бетті дайындаған Бексұлтан Кабышев



БАТЫР ҚЫЗ

ҚАЗАҚТЫҢ «МОНШАҚ ҚЫЗЫ»

Ұлы Отан соғысының тарихында өшпес аты қалған Мәншүктің шын есімі Мәнсия Мәметова. Қазақтың қаһарман қызы 1922 жылы Орал облысының (бұрынғы Гурьев) Орда ауданында өмірге келген. Анасы еркелетіп моншағым дей бергесін, бала Мәнсия өз есіміне тілі келмей, өзін Мәншүк деп атап кетіпті.

Мәншүктің өз әкесі – Жиенғали Мәметов. Бірақ Жиенғалидің немере інісі Ахметте бала болмағасын, әкесі қызды бес жасында інісінің тәрбиесіне береді. Ахмет Саратов қаласында оқып жүргендіктен, Мәншүкті сол жаққа алып кетіп, бірнеше жыл ағасымен ойламаған жерден байланысы үзіліп кетеді. 1931 жылы Алматыға келгесін, ағасы Жиенғалидің аштықтан көз жұмғанын естиді. Сөйтіп Мәншүк Ахмет пен Әминаның қолында қалады.

Ахмет Мәметов – қазақтан шыққан ең алғашқы дәрігер. Сонымен қатар, алашордашы ретінде Бейімбет Майлин, Құдайберген Жұбановтармен жақын араласқандықтан 1938 жылдың қаңтар айында қамғауға алынады. Ахметтің әйелі Әмина Мәметова Әбілқайыр ханның тұқымы. Атасы молда, әкесі де елге сыйлы адам болған. Өзі де Патша заманында әйелдер гимназиясында оқып, Саратовта аспирантураны тәмамдаған. Сөйтіп елге оралып, әдебиет пәнінің мұғалімі боп қызмет етеді. Сол кездегі газеттерге сыни мақалаларды жазуды да әдетке айналдырады. Құғындалып «Халық жауы» атанған Ахмет Мәметов әйелі Әминаға: «Менің Мәншүгімді ренжітпе, қалай да болсын аман сақта», – деп тапсырады. Есейген соң Мәншүк әкесінен бас тартпай, оның кінәлі еместігіне үнемі сенімді болады.

Мектепті бітіргеннен соң Мәншүк медицина институтына оқуға түседі. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк небәрі 18 жаста болатын. Соғысқа өз қалауымен сұранған қайсар қыздың өтініші былай деп жазылыпты: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз. 1939 жылдан бері комсомолмын. 1941 жылы 7 тамыз» – деп қол қойыпты. Бірақ Мәншүктің соғысқа аттану туралы өтініші бірден жүзеге аспады. Сөйтіп 1942 жылдың 13 тамызында Алматыдан 100-ші атқыштар бригадасы майданға аттанады. Ол бригаданың құрамында 4890 жауынгер, оның ішінде екі қыз – дәрігер Мәриям Сарлыбаева және Мәншүк Мәметова бар болатын. Жауынгерлерді қазақтың ақыны Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңімен шығарып салыпты.

Соғысқа өз қалауымен келген қазақтың нәзік қызы майданның қиындығын ерлермен қатар көріп, жер жорғалап, суда жүзіп, ну ормандарды артта қалдырып, пулемет атып та үйренді. Қандай қиындыққа болсын қазақ қызы еш мойыған жоқ. Мәншүк 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының «ең жақсы пулеметші» атағына ие болады. 1943 жылы 15 қазанда Псков облысының Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде өте қатал тар-



тыс болды. Мәншүк өзінің әскери бөлімінің шабуылын пулемет отымен қорғады. Сол жолы фашистердің бетіне тікелей оқ атқан Мәншүктің өз басына да оқ тигіп, қайсар қыз сол жерде ерлікпен қаза тапты.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1 наурызында Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сондай-ақ, Павлодар облысының колхозшылары Мәншүк атындағы танк колоннасын құруға қаражат жинады. Туған жері Оралда оған ескерткіш орнатылды. Бүгінгі таңда Невель, Алматы, Орал қалаларында Мәншүк атындағы көшелер бар. Қазақстандағы ондаған мектептер, Қызылорда қыздар педагогикалық училищесі Мәншүк есімімен аталады. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі туралы М.Бегалиннің режиссерлігі мен А.Михалков-Кончаловскийдің авторлығынан туындаған «Мәншүк туралы жыр» көркем фильмі жарық көрді.

Түйін. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Қан майданның сансыз ұрыстарында жеңіске ұмтылған қазақтың моншақ қызын тек қана қазақ даласы мен бүкіл одақ есінде сақтайды деген нық сенім бар.

Эльмира Абетжанова

ҚҰМСАҒАТ

Көңіл сұрау

Жабысып тіл таңдайға,
Жатады ауру қалжырап.
Кіргенің жөн ондайда,
Көңіл сұрап,
Хал сұрап.

Аз дегенде, ең кемі
Бір жүз адам дос ед деп,
Кім келмей, кім келгенін
Жатады ол есептеп.

Қиын екен дос күткен,
Күтуден ол талмайды.
Күні бойы есіктен
Екі көзін алмайды.

Сорғалап тер жанынан,
Жатады ол жерініп.
Елдің енді онымен
Ісі жоқтай көрініп.


Айырылып қанаттан,
Жатады ол шын арып,
Туыстары санаттан
Тастағандай шығарып.

От түскендей қанына,
Өртеніп-ақ жатады.
Күйік емес жанына,
Келмегенің батады.

Елестетіп түрінді,
Жатады ол жуасып.
Қайта қозып бұрынғы
Саған деген шүбәсі.

Денсаулығын тонаған
Дерт тәнінде ойнайды.
Келмейтіндей мен оған
Не жаздым деп ойлайды.

Демі бітсе таудың да,
Күні қараң, тегі оның.
Сырқат түгіл саудың да,
Сұраған жөн көңілін!



Айкөз
Ақылбекқызы

БОЙТУМАР

ЖАНЫНАН ЖЫЛУ, ЖҮРЕГІНЕН ЖЫР ТӨГІЛГЕН

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың 54 жыл отасқан жары Халимаға деген сағынышы

• Өзім өлгенде артымнан қалдыруға қимайтын екі асылым бар еді: оның біріншісі – өмірлік жан жарым Халимам, екіншісі жарғақ құлағым жастыққа тимей өмір бойы жинаған кітаптарым еді.

• Су сұрасам – сүт, қарта сұрасам – қазы, жая сұрасам – жал беретін еді Халима. Жанынан жылу, жүрегінен жыр беруші еді маған. Ойымды жалғап, өрісімді кеңейтуші еді менің. Сөйлесек – әзіл, күлсек – күлкіміз таусылмайтын еді біздің.

• Егер Халима маған тұрмысқа шықпай, басқа біреуге барса, атақты ғалым әйелдердің бірі болатын еді деп ойлаймын. Ол өз бойындағы осы тамаша талантты мәртебелі махаббат жолында құрбан етті – өз талантын өшіріп, менің талантымды өрістетті.

• Халима біреуге жақсылық жасаса, оны жария етпейтін.

• «Ұят!» деген сөз Халиманың ұраны еді. Өмір бойы сол ұранды орындап өтті ғой.

• Мен қанша кітап сатып алсам да, қабағын шытпайтын. Сол себептен де екеуміз тамақ пен киімнен басқа бар ақшамызды кітап жиюға жұмсайтынбыз.

• Мен Халимаға 9 жыл ғашық болдым. Одан кейін екеуміз қосылып, 54 жыл тату-тәтті, ләззатты өмір сүрдік. Жұбымыз жазылған жоқ. Дүние-жүзіндегі көп ғашықтардың (Петрарка мен Лаураның, Данте мен Беатричениң, Қозы Көрпеш пен Баянның, Қыз Жібек пен Төлегеннің т.б.) қолы жетпеген мәңгілік махаббаттың алтын тәжін біз басымызға кидік!



Қызғалдақтар әлемінен сыр шерткен
Назгүл РАБИЛОВА

МӨЛТЕК СЫР

Қыздар арасындағы достық

Бір танысым қыздардың арасында достық болмайды деген байламға келген. Оған өзінің жеке себептері бар. Қыздар арасында достық болады деймін мен. Ал екі әр түрлі адамда әңгіме орнай алмағандықтан, жақын шынайы қарым-қатынас орната алмайды.

Достық – ешкімге айта алмайтын ойларын саған ғана сеніп айта білу болса, үнсіздік кезеңінде бір-бірінің көз қарастары арқылы жан дүниесіндегі бұрқанысты көре білу. Оны кез келген адам сезе білмейді, нағыз достар ғана бәрін өзінің жүрегімен ұға алады. Бірінің жаны жараға толы болса, сол жараны жазуға тырысып, оның қайғысын сейілту және қиналған шақта қол ұшыңды берудің барлығы достықтағы әрекеттер. Ал нағыз достық бақытты кезеңдерде де сыналады. Мәселен, құрбысының жеткен шыңына ортақтаса алмаса сірә екеу ара қатынасты достық деп атай аламыз ба?

Нағыз құрбылар бір туғандай, жақын туысқан болып кетеді. Олардың қаны бір болмаса да, өмір оларды туысқан етті. Осындай досты табу үлкен жетістік. Кез келгеннің маңдайына ондай бақ қона бермейді. Қыздардың жүректері өте нәзік. Әр қыз баласы өмірде өз сыңарын тауып, бақытты болуға талпынады. Қыздар жанында өмірлік адал жарының болғанын және шер тарқатын сырласы, демеу болатын құрбысының болғанын қалайды. Егер қимас досыңыз болса оны ардақтаңыз, қадірлеңіз. Екеулеріңнің араларындағы қыл өтпестей татулықты бағалаңыз, қадірменді оқырман. Менің қыздар арасындағы достық жайлы ойым осындай. Ал сіз қалай ойлайсыз?

ТАҒЫМ

ЖЕҢІС ЖОЛЫМЕН



Ұлы Жеңістің даңқын паш етуді көздеген бұл көрме жұмысына Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты мен С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мұражай кешені бірлесіп мұрындық болды. Көшпелі көрме алғаш рет өтуде, сондықтан, мұражай экспозициялары Павлодар тұрғындары үшін ғана емес, еліміздің соғыс зардабын көрген барша халқы үшін

аса қымбат. Көрмеде КСРО-ның өнеркәсіп орындарын, ғылыми және мәдени мекемелерін республикаға көшірілгенін айғақтайтын тың деректер, панфиловшылар дивизиясы, қазақ батырлары мен мергендерінің фотолары, плакаттық өнім, майданнан келген хаттар, соғыс жылдарындағы кеңестік биліктің шығарған бұйрықтары мен жарияланған басылымдар қойылды. Көрмеде жалпы саны 200

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің бас ғимараты фойесінде Ұлы Жеңістің құрметіне арналған фото және құжаттамалық көрме өтті.



құжаттың түрлі-түсті көшірмесі көрсетілді.

Көрменің ашылу салтанатында С.Торайғыров атындағы ПМУ даму стратегиясы, тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры, с.ғ.д., профессор Арман Ақышев жастарға тағылымды сөзін арнады: «Отанын қорғау жолында біздің батыр аталарымыз қазақ баласына тән қайсарлығы мен өжеттілігін, қолға бермес намысын, ерлігін ту етіп Ұлы Жеңіске жету жолында жанын аямады. Құрметті жастар! Кезінде аталарың көрсеткен Отан алдындағы ерлік, қайсарлық, азап – Сіздер үшін, Сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін жасалғанын ешқашан ұмытпаңыздар».

Көрменің жетекшісі, ҚР Президенті Мұрағатының құжаттарды пайдалануды

ұйымдастыру басқармасының басшысы Бөлеген Қасеновтің айтуынша бүгінгі көрмеде еліміздің әр аймағынан соғысқа аттанған батыр аталарымыздың ерлігін дәлелдейтін құжаттар мен хаттары ұсынылған. «Соңғы кездері ғалымдар Ұлы Отан соғысына қатысты тарихты қайта қарастыру керектігін айтып жүр. Тарихты қайта саралап, қайта жазғаннан өткен күннің шындығы өзгермейді. Өйткені, бұл соғыс қазақстандық әрбір отбасының тағдырына әсер етті, тарихта мәңгі өшпес ізін қалдырды», – деді Бөлеген Әбікейұлы.

Сонымен қатар, қонақтар назарына С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың Ұлы Отан соғысы тарихынан сыр шертетін кітап көрмесі ұсынылды.

БАҒАДҮР

БАТЫРЛАРҒА ТАҒЫМ

1978 жылы Ауғанстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 9 жыл 1 ай 19 күн соғыс жүргізді. Оған 22 мың қазақстандық қатысты.

Ауған жеріне Павлодар облысынан 1098 жас өрендер аттанды. Олардың 27-сі қайтыс болып, 54 жарқаттанып келген. Павлодар облысының әскери комиссариатының мәліметтері бойынша 269 павлодарлық әскери ордендер мен медальдермен марапатталған. 26 адам Қызыл Ту орденінің кавалері атанды.

Бейбіт өмірде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген өрімдей жас жігіттер соғыстың мән-жайын ұғар-ұқпастан аттанды. Талайдың тағдырын тәлкекке салған Ауған соғысында қаншама жас қыршынан қиылып, қаншасы мүгедек болып оралды. Олардың бір ғана міндеті – бала жастан санамызға сіңірілген патриоттық тәрбие – Отан алдындағы борышын өтеу, қабылдаған антына берік болу еді.



1989 жылы бұл қырғи қабақ соғыс аяқталып, 15 ақпанда барлық сарбаздар Ауған жерінен шығарылды. Тарихтағы мұндай оқиғаларды ұмытпай, боздақтардың ерліктерін ел есіне түсіріп тұру міндетіміз. Оқпен оттың ортасында жүріп соғыстың қасіретін өз көзімен көрген Ауған соғысының ардагері Өркен ауылының тұрғыны Серікқұл Енсеев 1961 жылы маусымда туылған. 1968-1978 жылдары Бақанас орта мектебін бітіріп 1980 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Аякөз қаласының ДОССАФ курсы бітірді. Оның тағдырына 1980-1982 жылдары Ауғанстан жерінде әскери борышын өтеп келу жазыпты. Серікқұл ағамыз қазіргі таңда төрт бала өсіріп, үш немере сүйіп отыр. Өз сөзінде ағамыз «Бұл соғысқа кеңестік әскер күші достық көмек ретінде, Отан атынан Ауған елінде жандарын құрбан етті. Бүгінде ауған соғысына қатысқандардың бәрінің жағдайлары мәз емес. Олар мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектерге де көңілдері толмайды», – деп ағынан жарылды Серікқұл Кешірханұлы.

Қазіргі таңда Қазақстанда кеңестік әскердің құрамында ауған соғысына қатысқандардың мәртебесі екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілген. Ауған ардагерлері қоғамы өкілдерінің сөзінше кеңес заманында мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктер мүлдем алынып тасталыныпты.

Мейлі қаражат мәселесінің де жөні болар. Еліміз бейбіт күн кешіп жатқанда өзге елдің жауымен арпалысқан, жанын қиып, қанын төгіп келген азаматтарымызды құрмет тұтып, басымызды бір сәт иіп қояйық. Оларға бұдан артық не керек дейсіз. Қазақ қашанда батырларына тағзым етуден жалықпаған, жырға қосып, ерліктерін ұрпақтан ұрпаққа мұра етуді бәрінен маңызды санаған. Сондықтан батыр ағаларымызға деген тағзым мәңгілік болсын! Сөзімді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөздерімен аяқтайын: «...Ауған соғысында қыруар қаржы шығындалды, мыңдаған өмір қиылды, бәрібір кеңес әскеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма?».

Ғалымжан Қабіров

КІТАПҚҰМАР

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРЫ

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді, бірақ ол ешқашан өзінің ұлттық құндылықтарынан ажыраған емес. Шексіз де шетсіз сайын далада ғұмыр кешкен бабаларымыз өздерін қоршаған ортада үйлесімді материалдық әрі рухани мәдениет жасаған, көшпелілікпен бірге шаһарлар тұрғызып, қалалық та өмір салтын орнықтырған, мемлекеттер құрған.

Қазақ халқының ұлттық фольклоры мен авторлық ауыз әдебиеті – руханиятымыздың аса бай да бағалы, көркем де көлемді бөлігін құрайды. Батырлық жыр – бағзы бабаларымыз қалдырған бағалы мұра. Елбасымыздың тапсырмасы бойынша «Мәдени мұра» және Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтың батырлық жырлары» топтамасы жарық көріп отыр. Бұл топтама 50 батырлық жыр енгізілген 114 дискіні құрайды. Осы жобада Алпамыс батыр, Қобланды батыр, Камбар батыр және т.б. ел қорғаған елу таңдаулы батырлар туралы жырлар қамтылған, оларды еліміздің ең танымал жыршыларының орындауында тыңдау мүмкіндігі туып отыр.

Ауыз әдебиетінің бағзы заманнан ескірмей, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған күрделі де мол салалардың бірі – батырлар жыры. Бұл жырларды жыршы-жыраулар ғасырлар бойы қобызға немесе домбыраға қосып, белгілі бір әнмен

айтып, ауыздан-ауызға таратып келген. Қазақ батырлар жырындағы басты қаһарман елін сүйген батыр, ал оның басты мақсат-мұраты – халқын, Отанын басқыншы жаудан қорғау. Батырлар жырының көпшілігінде халықтың түбегейлі мұң-мүддесі көкселеді. Батырдың халыққа қамқоршы болу арманы, сол жолдағы іс-әрекеті жырлануы арқылы оның өз-үй ішіне, өз руына деген сүйіспеншілігі де айқындалады.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасының мұралары «Қазақтың батырлық жырлары» топтамасымен толықты. Батырлық жырлармен сусындағысы келген әркім құлағының құрышын қаңқытыра тыңдап, оқи алады.

С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың қызметкері Алия Рустемова



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Н. Яницкая
Жауапты хатшы: Н. Рабилова
Тілшілер: А. Тилей, Н. Рабилова, Ұ.Төлеу, А. Ерманат, Б. Кабышев, М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан, А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• Таралым «PrimaLux» баспасында басылған. Мекен-жайы: Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 15. Тел: 8 (7187) 75-50-44.
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № Г15-3047